

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақтоғай ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 219/37 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 523 қаулысына сәйкес, Ақтоғай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақтоғай ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары бекітілсін.

2. Ақтоғай аудандық мәслихатының шешімінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Ақтоғай ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Ақтоғай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 қазандағы № 67/9 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7402-14 тіркелген);

2) Ақтоғай аудандық мәслихатының "Ақтоғай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 қазандағы № 67/9 "Ақтоғай ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешімі 2024 жылғы 22 тамыздағы № 137/21 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7586-14 тіркелген).

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Ж. Ташенев

Аудандық мәслихаттың

2025 жылғы 26 қыркүйекте

№ 219/37 шешіміне

қосыншасы

Ақтоғай ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары

1-тапау. Жалпы ережелер

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 523 (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақтогай ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының Павлодар облысы бойынша (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарau бойынша Ертіс ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) әлеуметтік көмек – жергілікті атқару органдармен (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай-ақ атаулы құндер мен мереке құндеріне орай ақшалай нысанда көрсететін көмек;

4) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган – "Ертіс ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

5) әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) ең төмен құнкөріс деңгейі - Павлодар облысы бойынша статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тура келетін үлесі;

8) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

9) мерекелік күндер (бұдан өрі - атаулы күндер) - Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелері;

10) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) участекелік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеп-қарау үшін Ақтогай ауданының ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия;

12) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

13) цифрлық құжаттар сервисі – "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және ақпараттандыру обьектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған обьектісі;

14) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан өрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізу дің "ортақ терезесі" дегенді білдіретін ақпараттандыру обьектісі;

15) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан өрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Әлеуметтік кодекстің 71-бабының 4-тармағында, 170-бабының 3-тармағында, 229-бабының 3-тармағында, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 11-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 12-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

4. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мезгіл-мезгіл (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет, жылына 1 рет) көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек көрсету үшін мереке күндер мен атаулы күндерінің тізбесі:

1) 15 ақпан - Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні;

2) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;

3) 26 сәуір - Радиациялық апаттар мен апаттардың салдарын жоюға және осы апаттар мен апаттардың құрбандарын еске алуға қатысушылар күні;

- 4) 7 мамыр - Отан қорғаушы күні;
- 5) 9 мамыр - Женіс күні;
- 6) 31 мамыр - Саяси құғын-сургін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні;
- 7) 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституция күні;
- 8) 1 қазан - Қарттар күні;
- 9) 25 қазан - Қазақстан Республикасының күні;
- 10) 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.

6. Участекелік және арнайы комиссиялар өз қызметін ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2-тaraу. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

7. Әлеуметтік көмек келесі санаттардағы азаматтарға көрсетіледі:

- 1) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлері:

бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теніз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда);

1992 жылғы қыркүйек - 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан участекесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын құзетуді қүшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;

1986-1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

2) женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысуышыларға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар;

- 3) еңбек ардагерлері:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы

еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар;

4) Заңың құші қолданылатын басқа да адамдар:

бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайдыбы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайдыбы (жұбайы);

1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар;

5) зейнеткерлік жасқа толған, зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерінен төмен алатын азаматтар:

зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең аз мөлшерінен төмен алатын 80 жастағы және одан (асқан) көп жасқа толған азаматтар;

сотпен немесе Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси құғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңымен белгіленген тәртіппен саяси құғын-сүргіндер құрбаны немесе саяси құғын-сүргіндерден зардап шеккен деп танылған азаматтар;

1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысқаны үшін құғын-сүргін қолданылған адамдарға 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) мөлшерінде;

6) мүгедектігі бар адамдар, атап айтқанда:

18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;

1 топтағы мүгедектігі бар адамдар;

2 топтағы мүгедектігі бар адамдар;

Қазақстан Республикасының колледждерінде жоғары оқу орындарында ақылы негізде оқитын мүгедектігі бар тұлғалар;

7) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарындағы көп балалы аналар (отбасылар);

8) облыстың жоғары оқу орындарында оқитын, отбасының мүшесіне шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан студенттерге, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға;

9) аз қамтамасыз етілген азаматтар, атап айтқанда:

пешпен жылыштылатын жеке тұрғын үй қорында тұратын барлық санаттағы мүгедектігі бар адамдар, көп балалы отбасылар, өтініш берген мерзімде ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстары бар отбасылар;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар;

жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын, аудандық ауруханаға жүктілігіне байланысты 12 аптаға дейін есепке тұру үшін уақытында жүгінген жүкті әйелдер;

10) дүлей апаттың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі не әлеуметтік маңызы бар аурулардың болуы.

8. Уәкілетті орган табыс есебінсіз көмек көрсетеді:

1) мерекелік күндерге біржолғы әлеуметтік көмек:

15 ақпан - Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күніне орай мемлекеттік корпорациясының тізімі негізінде:

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметтің өткери кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілерге 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның тізімі негізінде:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарындағы көп балалы аналарға (отбасыларға) 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

26 сәуір - Радиациялық апаттар мен апаттардың салдарын жоюға және осы апаттар мен апаттардың құрбандарын еске алуға қатысуышылар күніне мемлекеттік корпорациясының тізімі негізінде:

1986 - 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

1988 - 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

7 мамыр - Отан қорғаушы күніне орай мемлекеттік корпорацияның тізімі негізінде:

1992 жылғы қыркүйек - 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын құзетуді күшетту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

9 мамыр - Жеңіс күніне орай мемлекеттік корпорацияның тізімі негізінде:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жараплануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жараплануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайдына (жұбайына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайдына (жұбайына) 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

31 мамыр - саяси құғын - сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай мемлекеттік корпорацияның тізімі негізінде:

сотпен немесе Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси құғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңымен белгіленген тәртіппен саяси құғын-сүргіндер құрбаны немесе саяси құғын-сүргіндерден зардал шеккен деп танылған азаматтарға 10 (он) АЕК мөлшерінде;

30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай мемлекеттік корпорациясының тізімі негізінде:

он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде;

Қазақстан Республикасының колледждерінде ақылы негізде оқитын мүгедектігі бар тұлғаларға 30 (отыз) АЕК мөлшерінде;

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында ақылы негізде оқитын мүгедектігі бар тұлғаларға 60 (алпыс) АЕК мөлшерінде;

1 қазан - Қарттар күніне орай мемлекеттік корпорациясының тізімі негізінде:

зейнеткерлік жасқа толған, зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерінен төмен алатын азаматтарға 2 (екі) АЕК мөлшерінде;

зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең аз мөлшерінен төмен алатын 80 жастағы және одан (асқан) көп жасқа толған азаматтарға 3 (үш) АЕК мөлшерінде;

25 қазан - Қазақстан Республикасының күніне орай мемлекеттік корпорациясының тізімі негізінде:

он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

Қазақстан Республикалық Тәуелсіздік күніне мемлекеттік корпорациясының тізімі негізінде:

1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысқаны үшін қуғын-сүргін қолданылған адамдарға 60 (алпыс) АЕК мөлшерінде;

2) біржолғы әлеуметтік көмек:

Үлгілік қағидаларының 12-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде санаторлық-курорттық емдеуге сүйемелден ілесіп журуіне 7-тармақтың 6) тармақшасы бірінші абзацында көрсетілген санаттар үшін;

Үлгілік қағидаларының 12-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде 55 (елу бес) АЕК мөлшерінде санаторлық-курорттық емдеуге сүйемелден ілесіп журуіне 7-тармақтың 6) тармақшасы екінші абзацында көрсетілген санаттар үшін;

Үлгілік қағидаларының 12-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде колледжде оқуына 30 (отыз) АЕК және жоғары оқу орындарында оқуға 60 (алпыс) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 6) тармақшасы төртінші абзацында көрсетілген санаттар үшін;

Улгілік қағидаларының 12-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде 20 (жырма) АЕК мөлшерінде, 7-тармақтың 9) тармақшасы екінші абзацында көрсетілген санаттар үшін;

Улгілік қағидаларының 12-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде 100 (жуз) АЕК мөлшерінде, 7-тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін;

Улгілік қағидаларының 12-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты, дәрігерлік-консультациялық комиссияның ауруды растайтын қорытындысын қоса бере отырып өтініш негізінде онкологиялық аурумен ауыратын тұлғаларға 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы деңсаулық сақтау басқармасы "Павлодар облыстық ЖИТС-тың алдын алу және құресу жөніндегі орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ұсынған тізімі негізінде адамның қорғаныс тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардал шегетін тұлғаларға 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Улгілік қағидалардың 12-тармағының 1), 3) тармақшыларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде қант диабетімен ауыратын адамдарға науқастың ШЖҚ "Ақтоғай аудандық ауруханасы" КМК есепте тұрғаны туралы анықтама;

ШЖҚ "Ақтоғай аудандық ауруханасы" КМК ұсынған тізімі негізінде "Созылмалы вирустық гепатиттер және бауыр циррозы" ауруынан зардал шегетін тұлғаларға 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

ШЖҚ "Ақтоғай аудандық ауруханасы" КМК ұсынған тізімі негізінде "Психикалық, мінез-құлыштық бұзылулары (аурулары)" ауруынан зардал шегетін тұлғаларға 2 (екі) АЕК мөлшерінде

ШЖҚ "Ақтоғай аудандық ауруханасы" КМК ұсынған тізімі негізінде "Миокардтың жіті инфаргі (алғашқы 6 ай)" ауруынан зардал шегетін тұлғаларға 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

ШЖҚ "Ақтоғай аудандық ауруханасы" КМК ұсынған тізімі негізінде "Ревматизм" ауруынан зардал шегетін тұлғаларға 2 (екі) АЕК мөлшерінде;

ШЖҚ "Ақтоғай аудандық ауруханасы" КМК ұсынған тізімі негізінде "Дәнекер тіннің жүйелі зақымданулары" ауруынан зардал шегетін тұлғаларға 2 (екі) АЕК мөлшерінде;

ШЖҚ "Ақтоғай аудандық ауруханасы" КМК ұсынған тізімі негізінде "Нерв жүйесінің дегенерациялық аурулары" ауруынан зардал шегетін тұлғаларға 2 (екі) АЕК мөлшерінде;

ШЖҚ "Ақтоғай аудандық ауруханасы" КМК ұсынған тізімі негізінде "Орталық нерв жүйесінің миелинсіздендіруші аурулары" ауруынан зардал шегетін тұлғаларға 2 (екі) АЕК мөлшерінде;

ШЖК "Ақтогай аудандық ауруханасы" КМК ұсынған тізімі негізінде "Орфандық аурулар" ауруынан зардап шегетін тұлғаларға 3 (үш) АЕК мөлшерінде;

7-тармақтың 1), 2) тармақшаларында, 4) тармақшасы үшінші абзацында көрсетілген санаттар үшін 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде тісті протездеуге – алушының мәртебесін растайтын құжатты, орындалған жұмыстар актісін, фискалдық чекті қоса бере отырып өтініш негізінде;

Улгілік қағидаларының 12-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде емдеуге 50 (елу) АЕК мөлшерінде, 7-тармақтың 1), 2) тармақшаларында, 4) тармақшасы үшінші абзацында көрсетілген санаттар үшін;

Улгілік қағидаларының 12-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде 6 (алты) АЕК мөлшерінде цифрлық эфирлік теледидарды қабылдау үшін теледидарлық абоненттік приставканы орнатуға 7-тармақтың 7) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін;

3) тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

Улгілік қағидаларының 12-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде, 7-тармақтың 1), 2) тармақшаларында, 4) тармақшасы үшінші абзацында (коммуналдық қызметтерге) көрсетілген санаттар үшін;

4) ай сайынғы әлеуметтік көмек:

Улгілік қағидаларының 12-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 3 (үш) АЕК мөлшерінде, 7-тармақтың 6) тармақшасы екінші, үшінші абзацтарында (өзіне-өзі күтім көрсете алмайтын және денсаулығының жай-күйіне байланысты үнемі көмек көрсетуге мұқтаж, өздерінің ата-аналарын (жұбайын) асырап-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндettі енбекке жарамды кәмелетке толған балалары (жұбайы) жоқ немесе объективті себептер бойынша оларды тұрақты көмекпен және күтіммен қамтамасыз ете алмайтын жақын туыстары бар мүгедектігі бар адамдар (қарттық жасына, бірінші, екінші топтағы мүгедектігінің, онкологиялық, психикалық ауруларының болуы, бас бостандығынан айыру орындарында отыруына немесе елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуі немесе басқа елді мекенде тұруы) көрсетілген санаттар үшін;

7-тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін оқу кезеңінде тұруға, тاماқтануға және тұрғылықты жеріне жол жүргуге 10 (он) АЕК мөлшерінде үш жақты келісім шарт негізінде;

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасы "Павлодар облыстық ЖИТС-тың алдын алу және құресу жөніндегі орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ұсынған анықтама негізінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс екі еселеген мөлшерінде адамның қорғаныс тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардап шегетін балаларға;

ШЖҚ "Ақтогай аудандық ауруханасы" КМК ұсынған тізімі негізінде амбулаторлық емдеудегі туберкулез ауруынан зардап шегетін тұлғаларға 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Улгілік қағидалардың 12-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжаттарды және медициналық мекемеде емдеу курсын алғаны туралы раставу анықтамасын қоса бере отырып өтініш негізінде 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде гемодиализ алу мерзімінде жол жүргуге 7-тармақтың 6) тармақшасының бірінші, екінші абзацтарында көрсетілген санаттар үшін;

9. Уәкілетті орган ең төменгі күнкөріс шегінен аспайтын табысы бар адамдарға көмек көрсетеді:

Улгілік қағидаларының 12-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде жарты жылда бір рет төленетін оқу төлемі 7-тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін;

Улгілік қағидаларының 12-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде біржолғы 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде қатты отын сатып алуға 7-тармақтың 9) тармақшасы бірінші абзацында көрсетілген санаттар үшін;

Улгілік қағидаларының 12-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды және ШЖҚ "Ақтогай аудандық ауруханасы" КМК есепте тұрғаны туралы медициналық анықтаманы қоса бере отырып өтініш негізінде біржолғы 15 (он бес) АЕК мөлшерінде, 7-тармақтың 9) тармақшасы төртінші абзацында көрсетілген санаттар үшін.

10. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындейді және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

11. Алушылардың жекелеген санаттары үшін мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерін облыстық ЖАО келісімі бойынша бірынғай мөлшерде белгіленеді.

3-тaraу. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

12. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі Улгілік қағидаларына сәйкес айқындалды.

4-тaraу. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздер

13. Әлеуметтік көмек келесі жағдайларда тоқтатылады:

1) алушы қайтыс болғанда;

2) алушы Ақтогай ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткенде;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберілгенде ;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталғанда.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

14. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен қайтаруға жатады.

5-тaraу. Қорытынды ереже

15. Әлеуметтік көмек көрсете мониторингі мен есепке алууды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК